



ӨТШТ (ТРИЗ)

(өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы)

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ
ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНУ**



*ТРИЗ – бұл ең жас, әрі кең
тараған таныс педагогикалық
инновациялық жүйе. Ол –
тапқырлық тапсырмаларды
шешу теориясына және
шығармашылық тұлға
дамыту теориясына
негізделген. Оны Ресейлік
ғалым және қиялшыл –
жазушы Генрих Альтшуллер
жасаған.
(1926-1998) ж*



Мақсаты – балалардың ой-өрісін дамытумен қатар, шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін - өзі тануға, қоршаған ортаның қиындығын байқауға және де өздерінің шағын қиындықтарын шешуге баулу болып табылады.

Тәрбиешілердің қолына балалардың қоршаған ортаның қайшылықтары мен біртұтастығын ұғынуға қабілетті шығармашылық қасиеттерін нақты практикалық тәрбиелеу құралын беру.

Міндеті

- балалардың танымдық іс-әрекетін белсендіреді;
- шығармашылықтың туындауына ынта береді;
- балалардың бейнелей сөйлеуін дамыту үшін жағдай жасайды;
- барлық тілдік құралдарды меңгерудің тиімділігін арттырады;
- ойлау қабілетінің талдау-синтетикалық операцияларының икемділігін дамытады.

ТРИЗ- шылар ұраны

⋮

**“Барлығын
айтуға
болады!”**



Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда ТРИЗ технологиясының элементтерін қолданудың өткізу кезеңдерінің міндеттері.

***1 кезең.** Оны қоршаған нысандар мен құбылыстардың қарама-қайшылықтарын табуға және шешуге үйрету, жүйелі ойлауды дамыту, яғни өзін қоршаған айналаны барлық компоненттермен өзара байланыста көре білу.*

***2 кезең.** Балаларды жаңа сынды және сапалы затты ойлап табуға үйрету: жаңа ойыншық, ерекше көйлек, сыйлық және т.б.*

***3 кезең.** Ғажайып есептерді шығарып, жаңа ертегілерді ойлап табу.*

***4 кезең.** Балаларды қандайда бір қиын жағдайлардан шешім тауып шыға білуге үйрету.*

ТРИЗ технологиясының

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әдіс – тәсілдері:





Миға шабуыл әдісі

Алтын ережесі: Талқылауға қатысушылардың бірде –бір сөзіне қарсы келмей, керісінше өз ойын ашық, қысылмай жеткізуді қамтамасыз ету.

Құндылығы:

- 1. Тақырып таңдап алынады.*
- 2. Бір затты алып сипаттау.*
- 3. Айтылған заттың ерекшелігін әрі қарай жалғастыру.*

Жүйелік жақындау

Компоненттік, құрылымдық, функционалды және генетикалық жақындаудың элементтері негізінде қоршаған ортаның жүйелік көріністерінің бастауларын қалыптастыру. Бір-бірімен тығыз байланыста болатын бөлімдерден құралған жүйені біртұтас ретінде түсінік беру, объектінің осы шақтағы, өткен шақтағы және келер шақтағы жағдайын бөліп ала отырып, уақыт және кеңістік туралы ұғым беру.



Құндылығы:

- 1. Тақырып таңдап алынады.*
- 2. Ойдың жалпыдан жекеге, дербеске ауысуы.*
- 3. Объектінің әртүрлі қасиеттері мен белгілерін айқындау арқылы абстракты- жалпыдан дербеске ауысуы.*

Топтастыру әдісі

Құндылығы:

1. Тақырып алу
2. Тақырыпты ести отырып бір ойға келу
3. Айтылған сөз немесе құбылыспен байланысты сөздерді, қасиеттерді атау
4. Тақырыпқа байланысты сөздер топтасады.
5. Кез-келген айтылған топтастыру әдісіне негізделген жұмбақ шығарылады.








Қарама-қайшылықты шешу әдісі:

*Ұсынылған заттар мен құбылыстарды
әр қырынан қарау.*






Сиқырлы объектілер әдісі:



*Балаға таныс объектінің
сипаттарын екінші бір объектіге
таңып айту, қолдану.*

Салыстыру әдісі



Заттар мен объектілердің ұқсастық
ерекшеліктерін анықтау



ТРИЗ – бір рет құрылып, өзгермейтін шығармашылық педагогикалық жұмыстар жүйесі емес, бұл үнемі дамиды технология. Сондықтан, ТРИЗ-шылар әрдайым ізденісте болады, балалар мен тәрбиешілердің шығармашылық ойлауын белсендірудің жаңа әдістерін ойлап табады, дайындайды.

Сапалы жаңа білім берудің кепілі – педагогтердің ынтымақтастық орната білуі, оқу үдерісін бақылауда – ақпараттық-басқару жүйелерін тиімді қолдануы, білім беру технологиялары саласында мықты дағдыларды игеруі, оқытудың тиімді құралы ретінде оларды қалай пайдалану әдістемелерін меңгеруі педагогтің кәсіби өсуі болып табылады.